

БЕКТЕМІН:

«Аққайың» МДУ

менгерушісі м.а.  С.К. Ярова

«31» 08 2018 ж



Пед.кенесте

№ 1 хаттамасы

«31» 08 2018 ж

**«Күншуақ» II-кіші тобының
ата-аналармен жүргізілген жұмыс
жоспары.**

2018-2019 оқу жылы

Ата – аналар жиналысының жоспары 2018-2019жыл

Мақсаты: Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.

Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде карауда қызығушылықтарын дамыту.

Мерзімі	Мазмұны	Жауапты
Қыркүйек	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Қызықты сұрақтар» танысу тренингі 2. Сауалнама өткізу «Кел, танысайық!» 3. Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлап тағайындау. 4. Баяндама «Бақытты балалар мекені» 5. Ата-аналарды балабақша өмірімен, күн тәртібі, топ аты, ұйымдастырыған оқу қызметінің кестесі, тәрбиелік шаралар, ата-анамен жүргізілетін жұмыс жоспары, ата-ана міндеттері, пән жетекшілері, психологпен таныстыру. 	Тәрбиешілер
Желтоқсан	<ol style="list-style-type: none"> 1. I – тоқсан қорытындысы 2. Баяндама: «Дені сау бала-болашақ жемісі» 3. Дөңгелек үстел «Тәрбие басы-отбасы» 	Тәрбиешілер Медбике
Наурыз	<ol style="list-style-type: none"> 1. II – тоқсан қорытындысы 2. Сауалнама өткізу «Кел, ойнайық» 3. «Менин балам қандай?» тренингі 	Тәрбиешілер
Маусым	<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу жылының қорытындысы 2. «Менің балам қандай?» ойыны 3. «Бала – отбасының айнасы» Дөңгелек үстел (психологтан кеңес) 	Тәрбиешілер Психолог

Ата – аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары 2018-2019жыл

Мерзімі	Мазмұны	Жауапты
Қыркүйек	Ата – аналар жиналысы Кеңес «Балалардың балабақшаға бейімделуі» Баяндама «Бақытты балалар мекені» Ашық есік күні	Тәрбиешілер
Қазан	Алтын күз ертеңгілігіне дайындық «Күз келбеті» көрме ұйымдастыру Ашық есік күні	Тәрбиешілер
Қараша	"Тіл қуысына арналған жаттығуларды орындау ережелері" (Жаднама) Семинар «Отбасы құндылықтары» Ашық есік күні	Тәрбиешілер
Желтоқсан	Ата – аналар жиналысы Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық Жаңа жыл мейрамына арналған газет шығару Баяндама «Дені сау бала-болашақ жемісі» Ашық есік күні	Тәрбиешілер Медбике
Қаңтар	«Дені саудың-жаны сау» спорттық сайыс Ашық есік күні	Тәрбиешілер Дене шынықтыру нұсқаушысы
Ақпан	8- наурыз мейрамына дайындық Ашық есік күні	Тәрбиешілер
Наурыз	Ата – аналар жиналысы Наурыз мейрамына дайындық Ұлттық тағамдар салт жоралғы жасау Ашық есік күні	Тәрбиешілер
Сәуір	Семинар «Ата-анамен шағын орталықтың ыңтымақтастығы» Кеңес «Жаңуя жағдайында тұлғаны қалыптастыру» Ашық есік күні	Тәрбиешілер
Мамыр	Оқу жылының қорытындысы ата – аналар жиналысы Шаруашылық жұмыстарға көмек беру «Бала-отбасының айнасы» Дөңгелекүстел (психологтан кеңес) Отбасылық сайыс «Көңілді старт»	Тәрбиешілер Психолог

«Аққайың» МДҮ

Баяндама

Тақырыбы: «Өнегелі тәрбие-отбасынан басталады»

Орындаған: М.А.Жаржанова

Өнегелі тәрбие- отбасынан басталады.

Адамзат баласының ең негізгі мақсаты-дүниеге әкелген ұрпағының болашағына жауапкершілікпен қарау. Нәрестенің өмірге келген алғашқы күннен бастап дұрыс тәрбие беріп, адамгершілікке, саналыққа баулып өсірсеңіз, күндердің күнінде оның рақатын көріп, қуанышына бөленерініз сөзсіз. Баланың бойына жақсы қасиеттер ең әуелі өз отбасынан дарыйды. Отбасынан басталған өнегелі тәрбие балабақша мектеп қабырғасында тәрбиеші мен ұстаздардың ұлағаты мен одан әрі жалғасады. Отбасында бала әуелі мәдениеттілікті үйренеді соған соң өзіне тән ар-ұят ақыл ой, адамгершілік қасиеттерге баулиды. Соңдықтан ата-ананың өз ара сыйласымдылығы өзін өзі ұстауы бала тәрбиесі үшін ауадай қажет. Бала бойында бес, жеті жасқа дейін мінез бен тәрбие негізі қаланады. Дәл осы кезеңде кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқа сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруде баса назар аударып, бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламамен қамтамасыз ету қажет. Әрі балалардың білім алуға еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым қатынасы нақ осы кезеңде қаланатының естен шығармауымыз керек.

Еліміздің болашағын сеніп тапсыратын мәртебелі азаматты қалыптастыратын отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің кадыры. Заман талабына сай білімді, мамандығының қыр сырын білетін терең игерген педагог-тәрбиешілерді даярлауда оқу-тәрбие ісін тәжірибемен үйлестіру, кәсіптік білім беруді жетілдіру, жаңа оқу жоспары, жаңа бағдарламаға сай курстар өткізудің маңызы ерекше. Мұның өзі ұстаз-тәрбиешілердің жұмысына деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін шындауына, бала тәрбиесіне деген түсінігінің кеңеюіне бірден-бір себеп болып табылады.

Балабақшада баланы бүлдіршін кезінен адамгершілікке, имандылық пен өзіне-өзі қызмет етуге, мәдени- гигиеналық машықтарды қалыптастыруға, еңбекке, бауырмалдыққа баулуға, патриоттық сезімді қалыптастыруға үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға бағытталған жұмыстар жүргізіледі...

Сондай ақ балабақшада тәрбиемен бірге оқу тәрбие жұмысы қатар жүргізіледі. Бала тәрбиесінде тәрбие жұмысы аса маңызды...

Тәрбие жұмысын тәрбиеші педагог мамандармен бірге ата-анада бірлесе отырып жүргізсе келешек ұрпақтың өнегелі де , білімді болары сөзсіз. Кішкентай бүлдіршіндердің өнер, білімге баулып, тәрбиелеуде балалар әдебиетіндегі ертегілер мен аңыз-әңгімелердің, өлең-тақпақтар мен мақал-мәтелдердің, жаңылтпаштардың маңызы өте зор өйткені тәрбиешінің немесе ата-ананың ертегіні әсерлеп айтып, балаға жеткізуі баланың сол ертегі бойынша түсінігі қайталап айтып беруі оның тек сөздік қорын молайтып қана

қоймай ақыл-ойын жетілдіреді. Бала жақсы кейіпкерлерге еліктейді, жаманнан желінеді, жақсы болуға, еңбекқор адал болуға үйренеді. Мысалы, Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл шөп», А.Құнанбаевтің жыл мезгілдері туралы («жаз», «күз», «қыс»,) өлеңдерінің хайуанаттар жайындағы ертері-әнгімелерді оқий отырып балаларды достыққа еңбекқорлыққа баулиды осындай жұмыстардың өзіне тәрбиенің алғашқы баспалдағын көруге болады

«Аққайың» МДҮ

Баяндама

Тақырыбы: «Тәрбие отбасынан басталады»

Орындаған: М.А.Жаржанова

Тәрбие отбасынан басталады (баяндама)

Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі..."(Әл – Фараби) – дегендей балаға әуелі білімнен бұрын, тәрбие берілуі тиіс.

«Адамның бір қызығы бала деген» Абай айтқандай, бала адамның да өмірдің де қызығы. Ата - ана – тәрбие өнегесі, сондықтан, мынадай қазақ мақал-мәтелдері ертеден жатталып, айтылып келеді.

«Ата көрген – оқ жонар,
Ана көрген - тон пішер,
Баланың ұяты - әкеге,
Қыздың ұяты - шешеге»

Баласының келешегін ойлаған ата – ана өз мекенінауыстыруға дейін барып жатады.

«Ұлың жақсы болсын десең, ұлы жақсымен көрші бол, қызың жақсы болсын десең, қызы жақсымен көрші бол» деген өнегелі сөз де содан шықса керек.

Бала тәрбиесі – қиын да күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алдыболғанын қалаймыз. Еліміздің көркейіп, өркениетті елдің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді.

Шығыс ғұламасының бірі болып саналатын Жүсіп Баласағұнның дастандарында отбасы тәрбиесі көп айтылады.

Мемлекеттің беріктігі тек ел билеуші іқайраткерлерге әділ заңға, күшті әскерге ғана емес, әр отбасының беріктігіне байланысты екендігін сипаттайды.

Елбасы Н. Назарбаев «Еліміздің болашақта гүлденуі бүгіннен басталады» баяндамасында отбасының беріктігі, жұбайлардың бір - біріне, еңбастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігі де көп нәрсеге байланысты. Ата – аналар балаларына, ал балалары ата – аналарына қамқор болуға тиісті деп атап өткен.

ҚР – ның Конституциясы да «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата – ананың құқығы әріп арызы деп көрсетілген».

Отбасы мен балабақша – өнегелі ұрпақ тәрбиелеуде зор табысқа жеткізер сенімді одақ

«Отан – отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. Отбасынан басталатын осынау тәрбие отанымыздың да игілігі үшін екенін әрбір ата - ана ұмытпай, жадында сақтаса игі.

Отбасы мен балабақша , тәрбиеші мен ата - ана, ата - ана мен бала арасындағы қарым - қатынас жайлы мәселе – қашанда өзектілігін жоймайтын

мәселе болып қала бермек. Тәрбиеші мен ата - ана бірікпей қоғамның саналы ұрпақ тәрбиелеуде жетістіктерге жете алмасы белгілі. Қазіргідей жан - жақтан технологиялық ақпараттар жаулаған заманда ұрпақ тәрбиесін балабақша мен тәрбиешіге жүктеп қойып бейқам жүрудің ертеңі өкінішке апарып соқтырмасына кім кепіл?

«Отан – отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. Отбасынан басталатын осынау тәрбие отанымыздың да игілігі үшін екенін әрбір ата - ана ұмытпай, жадында сақтаса игі.

Балабақша – өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі өте зор. Балабақша еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлінген емес. Сондықтан оның іс - әрекеті отбасымен, жұртшылықпен, еңбек ұжымдарымен тығыз байланысты. Міне, балабақшаның үлкен тәрбиелік қызметі осында.

Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата - ана. Сондықтан бала балабақша табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы – ата - анасы.

«Ақылды» М/М

Баяндама

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

Орындаған: М.А.Жаржанова

Талдысай 2018ж

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

*Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын
бір шарт - жас күнде көрген өнеге.*

Жүсіпбек Аймауытов

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметтің мақсаты - балаланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.

- еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету.

- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым - қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету.

Ата - аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс.

Бала бақыты білімде. Білім бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды», -

дейді А. Байтұрсынов.

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс

жасау керек. Әрбір ұстаз ата - аналармен қарым -

қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі

жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-

ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата - ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

Ата - аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту;

Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту;

Ата аналармен жұмыс жасаған кезде бірізділік қағидасын басшылыққа алу;

Ал міндеттері:

Бала өміріне қолдау жасау, келешекте өз жемісін береді.

Қоғам тарапынан көрсетілген қолдау; атаананың өміріндегі тұрақтылық пен болашаққа деген сенімін нығайтады.

Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбе ұжымының күнделікті ісіне айналуда тәрбиешілердің

практикасында атааналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әртүрлі формалары қалыптасып,

жемісті түрде қолданылуда. Олар ата -

аналармен жекелеп және ұжымдық жұмыстар жүргізді. Атааналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін қалай ұйымдастыруға болады?

Ол үшін біз ата -

аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі ролін анықтау үшін, атааналардың ұсыныс -

пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сұрақтар алуымызға болады. Сонымен бірге жыл бойғы жүргізілетін жұмыс түрлерін атааналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата -

аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесінде байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата - аналардың ұсыныс - пікірлермен санаса отырып ата -

Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс - шараларға, ата - аналар және топ жиналыстарына атааналарды тартудың қажеттілігі:

* Балаларда іс - әрекетті тандаудың үлкен мүмкіндігі болады;

* Балалар маңызды жетістіктерге жете алады;

* Ұнайды;

* Балалар еліктеудің жаңа үлгісін алады;

*

* Ата -

аналар және отбасы мүшелері өздерінің бала тәрбиелеуге, оқытуға қатысы бар екендігін сезінеді,

Тәрбиешілер ата - аналарға ақыл -

кеңес беріп, ұсынылатын тыңдау барысында төмендегідей қарым - қатынас ережелерін есте сақтауы керек;

- Бір - біріне көңіл бөлу
- Тыңдау
- Сыйлау
- Көзбе - көз қарау

- Тиімді орынды таңдау
 - әзілді сезіну
 - ұрыс – керістен сақтану сияқты
Сонымен қатар ата -
аналарға тәрбиеші сөзі әсерлі, отбасы қажеттіліктеріне байланысты екендігін түсіндіріп толық тыңдату үшін;
 - Сиқырлы сөздер айту;
 - Баласының жетістігін айту
 - Сенімді болу
 - Көңіл - күйіне қарау
 - Намысына тимеу
 - Материал арқылы сөйлесу (анкета, тест, т.б)
 - Қарапайымдылық
 - Пікірін сыйлау
- Ата - аналармен жұмыс жүргізудің негізгі алғы шарттары
- * Әрбір отбасыны мықты жақтары болады әр адам жақсы ата - ана болғысы келеді; Барлық отбасы көмекті қажет етеді, көмек түрі отбасының нақты қажеттіліктеріне байланысты болады;
 - * Ата – анамен жұмысты ұйымдастыру барысында ата - ананы, яғни отбасын тәуелді ету емес, оның қиыншылықтарды жеңу мүмкіндігін нығайтуды көздеу;
 - * Баланың дамуы туралы ақпарат ата - аналарға бал тәрбиелеуде өз ролін жүзеге асыруға ықпал етеді;
 - * Әрбір отбасы көрсетілген көмектің тиімділігіне көзі жеткенде ғана, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады;
- Тәрбиеші мен баланың оқуға деген қызығушылығын арттыру жолдарын түсіндіреді;
- Ата - анамен баланың ортақ қарым - қатынастары жөнінде кеңес беру;
- «Таным» ата – аналар мектебінің жұмысымен танысу
- «Таным» ата – аналар мектебі
- «Балабақшадағы, отбасындағы топтағы кездесетін қайшылықты жағдайларды шешуге арналады»
- Тақырыптық кеңес
- «ата – аналарды психологиялық педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, кеңес беру, ой қозғау, ой қорыту»
- Педагогикалық семинар
- «Отбасылық тәрбиенің әдіс - тәсілдеріне арналады. Семинарға тәрбиешілер де, ата – аналар да жан жақты дайындықпен қатысуы қажет»

Шығармашылық кештер

«

Балабақшаішілік және топішілік болып, озық қабілетті, танымал ата -

аналарды үлгі тұту, насихаттау мақсатында ұйымдастырылады»

Топқа ата – аналарды тартудың қажеттілігі

* Балаларда іс – әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады

* балаларға маңызды жетістіктерге жете алады

* балаларға отбасы мен балабақша байланысын сезіну ұнайды

*

тәрбиешіге балаларға жетекшілік жасау жеңілiрек болады жекелеп оқыту мүмкіндігі туады

* ата -

аналар және отбасы мүшелері өздерінің балаларының оқытуға қатысы бар екендігін сезінеді

* ата – аналар балабақшадағы оқыту -

тәрбие жоспарларымен танысады

Ата – анамен жүргізілетін жұмыс

Жұмыс түрлері :

- топішілік ата - аналар жиналысы
- балабақшаішілік ата – аналар жиналысы
- ата – аналармен жеке кездесу
- ата – аналар үшін ашық есік күн
- мерекелік кештерге шақыру
- ата – аналарды тренинг ойындарға қатыстыру
- отбасылық жарыстарға қатыстыру

Негізгі міндеттері :

* тәрбиешінің топ ата - аналармен құрамын зерттеуі

* ата – аналармен тұрақты байланыс орнату

* ата – аналар ұжымын құру

* ата -

аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру

* үштік одақ (бала, ата – ана, тәрбиеші) жұмысын жандандыру

Атқаратын қызметі :

* ата - аналарды топтағы оқу -

тәрбие процесінің мазмұны және әдістемесімен таныстыру

* ата -

аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстары
н ұйымдастыру

* отбасы тәрбиесі туралы ата -

аналарға педагогикалық және психологиялық кеңес беру

* ата -

аналар белсенділерімен жұмыс жүргізу және әр түрлі қоғамды
қ ұйымдармен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуін қауымдастыру

Ата - аналарға арналған жұмыстар

Тақырыбы: « Бала тәрбиесіндегі ата - ана жауапкершілігі »

Мақсаты : ата -

аналарды балаларға жауапкершілікпен, ұқыпты қарауға шақыру.

Міндеттері: 1. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата -
ананың жауапкершілігі

2. балабақшада ата - ананың оқу - тәрбие саласындағы ролі

3.
алдағы уақытта тәрбиеленушілерді тәрбиелеуде тәрбиеші мен ата
- ананың бірігіп жұмыс жасауы.

әдіс тәсілдер: Жиын, әңгімелесу, көрсету

керекті құралдар: компьютер, қағаздар, қаламдар

Барысы: « Ұстаз - бағбан, бала - гүл

» деген қағида әр тәрбиешінің ұстаздық ұстанымы. Осы қағидан
ы ата - ана

мен ұстаз бірігіп пайдалансақ балабақша бала үшін ең сүйікті
мекенге айналар еді. Бағбанға гүлдің әйтеуір өскенінен, әдемі б

олып өскені қажет екендігі сияқты, ата -

ана мен ұстазға да баланың әйтеуір ержеткенінен, әдепті болы
п есейгені қажеттірек.

Бағбан өзінің өсірген гүлінің санымен емес, сапасымен мақтана
тыны сияқты, ата - ана да баласының әдептілігімен мақтануы тиіс

- соңғы кездерде балаңызда қандай өзгерістер болды?

- Сіздің балаңыз өз жауапкершілігін сезіне ме?

1. « Мен күнмін » ойыны

Мені балам не үшін сыйлау керек? Осы сұрақ төңірегінде екі

топ мүшелері бірігіп отырып өз пікірлерін жасады. Содан кейі

н әр топтан бір мүшесі шығып таныстырады. Қорыта келе екі

топ мүшелері

- адамгершілік

- имандылық
- тәртіпті
- жақсы қасиет
- өтірік айтпайтын
- еңбексүйгіш
- қайырымды
- қарапайым
- адал, ұқыпты, батыл, сезімтал, намысқой, жәгерлі т.б

II. Сіздердің балаларыңызда сіздерді мақтан тұтады
Олар өздерінің жанұясы туралы былай дейді:

- менің жанұям менің бақытым
 - мен папаммен, мамаммен бақыттымын
 - мен мамамды өте жақсы көремін
 - мен, ше папамды
 - мен үйдегілердің барлығын сыйлаймын
- « Менің жанұям » сурет көрмесін тамашалау

III біздің балаларымызға кейде онша көңіл бөлінбейді.
Балаларымыз шеттеп, көңілі жабырқаулы күйде жүреді. Сол кезе
ндердегі балаларымыздың ойы:

- мен олардың ұрысқанын қаламаймын,
- алысқа кеткенін жақсы көремін
- маған папам көп ұрсады
- менің істеген ісімді дұрыс емес дейді

IV. Не себепті көңілі толмайды?

Гүлдің сусырап, шөлдейтіні сияқты, бала да ынта ықыласқа шөлде
йді. өйткені ата -

ананың балаға бар жағдайды жасаудан басқа, мейірімі,
жылуы, қамқорлығы қажет.

V. Жауапкершілік дегеніміз не?

Баланың азамат болып қалыптасуына мұғалім мен ата -
ана жауапкершілігі.

Ата - аналар ойы: Жауапкершілік дегенімі өзінің іс -

әрекеті туралы біреуге есеп беру қажеттігі. Жауапкершілікті бол
у үшін мұғалім мен ата - анада қандай қасиеттеп болуы керек?

Тәрбиеші:

- баланың дүниетанымын өзгерту мүмкіндігі бар
- ата - анаға талап қойылады
- балаға да талап қойылады

Ата - ана

- мәдениетті

- жан – жақты
- уақыт бөле білу керек
- психологиялық көңіл күйі
- дүниетанымы
- ойлау қабілеті
- өзін – өзі тәрбиелеу
- мұғаліммен қарым – қатынаста болуы қажет

Бала ата – ана мен мұғалімнен қандай өнеге ала алады? Әке мен шеше өзін тәрбиешімін дей отырып, өздері де тәрбиеге енуі қажет.

Бүлдіршіндер өнерімен қорытындыланады.

Қазіргі таңда баланы тәрбиелеуде ата - ананыңда, тәрбиеші - ұстаздың

да атқаратын ролі зор. Жас күнінде бала қандай тәрбие алса сол ізбен алға қарай өседі. Тәрбие кезінде отбасының, балабақшаның да алатын орны бар.

Ата – ана баласына өз отбасын қадір тұтудан бастап, туған - туыс, Отан, Қазақстан деген ұғымдарды терең түсінгені, құрметтеп қарауға тәрбиелеу керек екенін ұғындыру.

Ата - ана жауапкершілігі бәрінен биік болмақ. Сондықтан ата - ана басты талапты өздеріне қойғандары жөн. баланың тәрбие алуына қоғамнан өз орнын табуына жағдай жасауына әрбір ата – ана педагогикалық әдіс - тәсілдерге сүйенгені дұрыс.